«Бирюса» алдыңғы жүктеуі бар тұрмыстық автоматты кір жуғыш-құрғату машиналары (бұдан әрі мәтін бойынша - машиналар) машинада жууға жарамды тоқыма бұйымдарды көбігі аз түзілетін синтетикалық жуғыш құралдарды қолданып жууға, сондай-ақ тұрмыстық шарттарда тоқыма бұйымдарды шаюға, сығуға және құрғатуға арналған. Барлық өңдеу бойынша операциялар автоматты түрде белгіленген бағдарламаға сәйкес орындалады.

Машиналар КО ТР 004/2011, КО ТР 020/2011, ЕАЭО ТР 037/2016 регламенттерінің талаптарына сәйкес келеді.
Машинаның белгіленген қызмет мерзімі тұрмыстық шарттарда 10 жылды құрайды


Түсті сызықтардың белгілерін түсіндіру:
«DM» - «Қою металлик» түс сызығы.
«W» - «Құбылмалы көк» түс сызығы.

ЖИЫНТЫҚТАЛЫМЫ

Алдыңғы көрінісі



Артқы көрінісі



Қосымша керек-жарақтар:
- Тасымалдау бұрандамалары саңылауларының бітеуіштері (8 дана);
- Салқын суды құю құбыршегі;
- Сомынды кілт.

Жиынтыққа пайдаланушылық құжаттар: пайдалану жөніндегі нұсқаулық, энергетикалық тиімділіктің заттаңбасы кіреді.

Ескертпе Машинаңыздың сыртқы түрі жоғарғы суретте келтірілген тәсімді кескіндерден ерекшеленуі мүмкін.

ҚАУІПСІЗДІК ТАЛАПТАРЫ

Қауіпсіздік шаралары

• Машинаны жылжыту және тасымалдау кезінде сақтық шараларын сақтау қажет, өйткені машинаның салмағы үлкен.
• Машинаны сумен жабдықтауға қосқан кезде жеткізу жиынтығына кіретін жаңа құю құбыршегін ғана қолданыңыз.
• Кір жуған кезде машина есігінің әйнегіне жанасу ұсынылмайды, өйткені ол қызып кетуі және күйіктің себебі болуы мүмкін.
• Кір жуып болғаннан кейін машинаны сөндіру, оны электр желісінен ажырату және суды беру шүмегін жабу қажет.

Пайдалану кезіндегі қауіпсіздік шаралары

• Физикалық, жүйке немесе психикалық ауытқулары немесе тәжірибе мен білімдерінің жетіспеушіліктері бар болған адамдар (балаларды қоса) бақылауда болса немесе оларға осы машинаны пайдалану туралы олардың қауіпсіздігін жауапты тұлғамен нұсқамалық жүргізілген жағдайларды қоспағанда, осы машина ондай адамдардың пайдалануына тағайындалмаған!
• Балаларды олардың машинамен ойнауына жол бермеу мақсатында бақылау керек!

ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ!

• Машинаны ыстық сумен жабдықтау желісіне қосуға.
• Машинаны тұғырық, тапал тіреу және т.б. ретінде қолдануға, машинаның үстіне шығуға.
• Машинаның астына қандай да бір заттарды қоюға, айналатын барабанды ұстауға.
• Машинаның ашық есігіне сүйенуге.
• Машинаны үй-жайдан тыс орнатуға.
• Машинаны орнатылған бітеуіштерсіз пайдалануға («Пайдалануға дайындау» бөлімін қараңыз).
• Машинаны орнатылған тасымалдау бұрандамалары мен төлкелерсіз тасымалдауға («Пайдалануға дайындау» бөлімін қараңыз).
• Кір жуу үшін ұшпалы және тез тұтанатын заттары бар құралдарды қолдануға.
• Машинаны қоршаған орта температурасы 0 °C төмен үй-жайда пайдалануға.

Электр қауіпсіздігі ережелері

Машина электрлік тұрмыстық аспап болып табылады, сондықтан оны пайдаланған кезде жалпы электр қауіпсіздік ережелерін сақтау қажет.

• Машинаны тек жерге тұйықталған электрлік желіге жалғау қажет.
• Машинаны жалғау розеткасы жерге тұйықталған болуы және машинаны электр желіден шұғыл ажырату үшін қолжетімді жерде орнатылуы тиіс.
• Машинаның қабықшаларымен қамтамасыз етілетін қорғаныс дәрежесі - IPX4.
• Машинаны электр желісіне қосудың алдында қуат баусымының зақымдалмағанына көз жеткізу қажет. Қуат баусымы қатты қысылмауы және майыспауы тиіс.
Қуат баусымы зақымдалған кезде оны сервистік қызметтің маманы немесе ұқсас білікті қызметкерлер ауыстыруы тиіс.

ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ!

• Машинаны жерге тұйықталмаған розеткаға қосуға.
• Машинаны ток артық жүктемесінен ақаулы қорғанысы бар электр желісіне қосуға.
• Машинаны электр желісіне қосу үшін жалғастырғыш тетіктерді және ұзартқыш баусымдарды қолдануға.
• Қуат баусымынан ұстап машинаны электр желісінен ажыратуға.
• Жұмыс істеп тұрған машинаны және қуат баусымының ашасын дымқыл қолмен ұстауға.
• Машинаның немесе сумен- және электрмен жабдықтаудың құрылымын өз бетінше жөндеуге және өзгерістер енгізуге. Машинаны тек сервистік орталықтың мамандары жөндеуі тиіс.

Бөтен шуылдар, тарсыл, түтіндеу және т.б. пайда болуымен байланысты ақаулар туындаған жағдайда, машинаны электр желісінен дереу ажырату, суды беру шүмегін жабу және авторландырылған сервистік орталыққа жүгіну қажет.

Осы нұсқаулықта көрсетілген қауіпсіздік талаптарын және пайдалану ережелерін сақтамау кепілдікті жоғалтуға әкеледі.
Өндіруші машинаның зақымдалуы және көрсетілген қауіпсіздік талаптарын және машинаны пайдалану ережелерін бұзу нәтижесінде келтірілген нұқсан үшін жауапты емес.

ПАЙДАЛАНУҒА ДАЙЫНДЫҚ

Қаптаманы ашу


• Машинаның картон қорабын алыңыз және қаптау материалдарын алып тастаңыз (қорғаныс тыс, пенопласт амортизаторлары, ағызу құбыршегі мен қуат баусымындағы бекіткіш таспалар);
• Машинаның атанағынан құю құбыршегін алыңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Балаларға қаптама материалдарымен ойнауға рұқсат бермеңіз!


Тасымалдау бекітпесін алып тастау

Қауіпсіз тасымалдауды қамтамасыз ету үшін машинаның атанағы машинаның артқы жағында орналасқан тасымалдау бұрандамаларымен бекітілген (суретті қараңыз).



Машинаны қолданудың алдында:
• Сомын кілтімен тасымалдау бұрандамаларын бұрап алу;
• Төлкелері бар тасымалдау бұрандамаларын алып шығару;
• Жеткізу жиынтығына кіретін бітеуіштермен саңылауларды жабу қажет.

Тасымалдау бекітпесін болашақта машинаны тасымалдау кезінде орнату үшін сақтау қажет.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Науасын, есігін немесе барабанның тығыздауышын ұстап машинаны жылжытпаңыз!


Машинаны орнату

Машинаны берік, тегіс және құрғақ беткі қабатқа қабырғалардан, жиһаздан және басқа заттардан кем дегенде 20 мм қашықтықта орнату қажет.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Машинаны кілемді немесе жұмсақ жабыны бар еденге орнату ұсынылмайды. Бұл жеткіліксіз желдетуге және машина жұмыс істеген кезде дірілдеудің күшеюіне әкелуі мүмкін.

Орнатқаннан кейін машинаны көлденең келесі түрде қою қажет:
• сомын кілтімен реттегіш тіректердегі кідіртпесомындарды босатыңыз;
• сомын кілтпен бұру арқылы тіректердің биіктігін реттеңіз;
• сомын кілтімен кідіртпесомындарды қысыңыз.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!


Машинаны дұрыс емес орнату немесе кідіртпесомындарды жеткіліксіз тарту машинаның жұмысы кезінде қатты дірілге және шуылға әкелуі мүмкін.


Электр желісіне қосылу

• Машинаны жиілігі 50 Гц айнымалы ток және атаулы кернеуі 220 В болатын электр желісіне қосу керек (машина 220 В бастап 240 В дейінгі желіде қалыпты жұмыс істей алады). Көрсетілген параметрлерге сәйкес келмейтін желіге машинаны қосу оның істен шығуына әкеп соқтыруы мүмкін.
• Машинаны қосуға арналған розетка еркін қолжетімді болуы керек.
• Машинадан розеткаға дейінгі қашықтық 1,5 м аспауы керек.
• Машинаны электр желісіне жерге тұйықтау сымы бар «I» класындағы бөлек розетка арқылы қосу қажет.
• Электр қуатының кабелі кем дегенде 10 А жұмыс тогына есептелуі және кем дегенде 1,5 мм^2 қимасына ие болуы керек.
• Электр қуаттың фазалық сымы 10 А іске қосу тогына есептелген, 0,1 с көп емес іске қосылу уақыты және 30 мА көп емес айыру тогы бар автоматты қорғаныс құрылғы арқылы қосылуы тиіс.
• Егер розетка және электр қуатының кабелі көрсетілген талаптарға сәйкес келмесе немесе розетка машинаны орнату орнынан алшақ болса, электр желісін жөнге келтіру үшін білікті маманға жүгіну қажет.

Суқұбырға және кәріз жүйесіне қосу

• Машинаны 3/4» бұрандасы бар суды беру шүмегі арқылы салқын сумен жабдықтау желісіне ғана қосу қажет.
• Қосудың алдында лас суды ағызу үшін суды беру шүмегін ашу ұсынылады.
• Машинаны сумен жабдықтау желісіне қосу үшін құю құбыршегін суды беру шүмегіне және сомындарды берік тартып, машинаның құю клапанына жалғау қажет.
• Машинаның жұмысы кезінде суды беру шүмегі толығымен ашық болуы тиіс.







• Ағызу құбыршегі тікелей кәріз құбырына не шұңғылшаның немесе жуғыштың сифонына қосылуы мүмкін. Бұл ретте ағызу құбыршегінің кірмесі еденнен 500 мм аспайтын биіктікте болуы тиіс.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

• Құю және ағызу құбыршектері қосқаннан кейін қысылмауы немесе майыспауы тиіс.
• Құбыршектерді қосқаннан кейін қосылыстардың саңылаусыздығына көз жеткізу қажет. Қосылыстардың орындары құрғақ болуы тиіс.





ПАЙДАЛАНУ

• Киімді бірінші рет жуған кезде ол түссізденбейтініне көз жеткізу керек. Әсіресе басқа заттармен бірге жуған кезде түсін тез жоғалтатын шарфтар мен басқа киімді кір жуудың алдында бөлек жуыңыз.

• Оңтайлы нәтижеге жету үшін машинада кір жуудың алдында жеңдегі, жағадағы және қалталардағы дақтарды жуғыш сұйық құралы бар қылшақпен абайлап кетіріңіз.

• Кір жуудың алдында киімнің құлақшасындағы ұйғарынды температура және кір жуу режимдері туралы нұсқаулармен салыстыру қажет.

• Машинада жуған кезде тез бүлінуі мүмкін киімді машинада жууға болмайды:
- машинада кір жуу кезінде пішінін өзгертуі мүмкін бүрмелері және өрнектері бар киім;
- толықтай немесе ішінара теріден жасалған киім;
- кір жуу шарттарына талаптары бар құлақшалары сақталмаған бұйымдарды жумау ұсынылады;
- ешқашан машинада бензинмен, керосинмен, бояумен, еріткішпен және басқа ұшпа және тез тұтанатын заттармен бүлінген киімді жумаңыз.

• Кір жуған кезде материалдардың белгілі түрлерінен (мақта, синтетика, жұмсақ бұйымдар, түк жасалған бұйымдарды машинада жууға арналған арнайы жуғыш құралдар қолданылуы тиіс. Жуғыш құралды дұрыс емес қолданған кезде шамадан тыс көбік түзілуі мүмкін, бұл машинаны бүлдіруі мүмкін.

• Жуғыш құралдың тым көп мөлшерін қолданған кезде немесе су температурасы жеткілікті түрде жоғары болмаса, жуғыш құралдың қалдықтары киімді ластауы немесе машина құбыршектері мен құрауыштарында тұрып қалуы мүмкін.

• Кір жуудың алдында машинаның атаулы жүктемесінен асып кетпеу, киімнің ластану деңгейін, судың қаттылығын, сондай-ақ қолданылатын жуғыш құралдардың өндірушісінің ұсынымдарын бағалау қажет.

• Жуғыш заттарды және қоспаларда құрғақ және балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.

• Кір жуудың алдында киімнің қалталарын мұқият тексеріңіз, өйткені сақиналар немесе әшекейлер сияқты қатты заттар машинаны зақымдауы мүмкін.

• Түрлі-түсті заттарды, әсіресе жаңа және түсі қанық заттарды ақ заттардан бөлек жуу қажет.

• Жұмсақ материалдан жасалған бұйымдарды бөлек жуу қажет. Табиғи түктен және жібектен жасалған бұйымдар үшін аялауыш («жұмсақ») кір жуу режимдерін таңдау керек.

• Түймелер немесе ілгектер сияқты пластикті немесе металл элементтері бар бұйымдарды теріс айналдыру, арнайы торға немесе жастыққапқа салу керек. «Сыдырма» типті ілгектер, түймелер және ілмектер салынуы тиіс. Бос баулар немесе таспалар бірге байлануы тиіс.

• Өте жұмсақ жууды талап ететін бұйымдар, мысалы шілтермен өңделген бұйымдар, ұсақ заттар (шұлықтар, қол орамалар және т.б.) кір жууға арналған арнайы торлы қаптарға салу керек.

• Салмағы және өлшемі үлкен дара заттарды, мысалы, монша орамалдарын, джинстерді, күрткелерді және т.б. жуған кезде, барабанның ауырлық орталығының жылжуы, соның салдарынан, машинаның қатты теңгерімсіздігі нәтижесінде дабыл сигналы естілуі мүмкін. Сондықтан ұқсас бұйымдарды жуған кезде ұқсас заттардың кейбір санын, соның ішінде біркелкі сығу үшін қосу ұсынылады.

• Кір жуудың алдында киімнен шаңды, ірі балшық дақтарын, үй жануарларының түгін тазарту керек.

• Әртүрлі ластану түрлері жанасқан кезде киім жуған кезде зақымдалуы және кір жуудың тиімділігі жоғалуы мүмкін.

• Балалар киімі, орамалдар, жөргектер бөлек жуылуы тиіс. Ересектердің заттарымен бірге жуған кезде оларға балалар үшін зиянды микроағзалар түсуі мүмкін. Балалардың киімін шаю уақыты заттардан жуғыш заттарды жақсылап шаюды қамтамасыз ету үшін ұлғайтылуы тиіс.


• Машинаға артық жүктеме түсірмеңіз, өйткені бұл кір жуудың тиімділігін төмендетуі мүмкін. Кір жуудың алдында кір жуу режимдерінің кестесіне сәйкес заттардың ең көп ұйғарынды салмағына көз жеткізу қажет.

• Тез басылып қалуы мүмкін заттарды (мысалы, мамықты) кір жуудың алдында теріс айналдыру және басқа заттардан бөлек жуу керек.

• Су өткізбейтін материалдардан жасалған заттарды машинада жууға тыйым салынады.


Бұйымның құлақшасында көрсетілетін күтім жасау бойынша шартты белгілер					
95	95 °C дейінгі су температурасында әдеттегі жуу (қайнатуға рұқсат етіледі)	40	40 °C дейінгі су температурасында әдеттегі жуу	40	40 °C дейінгі су температурасында жұмсақ жуу
40	40 °C дейінгі су температурасында аса жұмсақ жуу. Сығу ұсынылмайды		40 °C дейінгі су температурасында қолмен жуу. Бұрамай, жайлап сығу		Жууға тыйым салынады
	Жоғары температура кезіндегі атанақта әдеттегі кептіру		Төмен температурада және аз ұзақтықпен атанақта жұмсақ кептіру		Атанақта кептіруге тыйым салынады
	Көлденең жазықтықта жайылған күйде кептіру		Тік күйде кептіру		Тік күйде сығусыз кептіру
	Үтік табанының 200 °C дейінгі температурасы кезінде үтіктеу		Үтік табанының 150 °C дейінгі температурасы кезінде үтіктеу		Үтіктің табанының 110 °C дейінгі температурасы кезінде үтіктеу. Бумен үтіктеу ұсынылмайды
	Үтіктеуге тыйым салынған		Кез келген тотықтырғыш ағартқышпен рұқсат етіледі		Тек оттегі бар / хлорлы емес ағартқыштармен ағартуға рұқсат етіледі
	Ағартуға тыйым салынған	W	Кәсіби дымқыл тазалауға рұқсат етіледі	F	Көмірсутектерді пайдаланумен химиялық тазалауға жол беріледі
P	Тетрахлорэтиленді пайдаланумен құрғақ тазалауға жол беріледі	P	Тетрахлорэтиленді пайдаланумен жұмсақ құрғақ тазалау		Зимиялық тазартуға тыйым салынған

Жуғыш құралдарға арналған науа




• Машинаны алғаш қолданған кезде жуғыш затты беру жеткіліксіз болуы мүмкін, себебі жуғыш заттың бір бөлігі беру түтіктерін толтыруға жұмсалады.
• Қосылған немесе өшірулі автоматты мөлшерлеу функциясы машинаны кейінгі пайдалану кезінде сақталады және қажет болған жағдайда қолмен қосулы немесе өшірулі тиіс.
• Автоматты мөлшерлеу функциясы өшірілген кезде жуғыш затты тікелей таңдалған атанаққа себу / құю керек.
• Автоматты мөлшерлеу функциясы қосылған кезде жуғыш затты тікелей таңдалған атанаққа себуге / құюға болмайды. Бұл шамадан тыс көбіктенуді тудыруы және жуу / кептіру сапасын төмендетуі мүмкін.
• Жуғыш затты белгіленген MAX деңгейінен асырмай баяу құю керек.
• Науаға ұнтақ тәріздес жуғыш заттарды, ағартқышты және басқа да химиялық белсенді және коррозиялайтын заттарды салуға жол берілмейді.

Басқару панелі



1 - Машинаның қуатын қосу және сөндіру батырмасы.
2 - Индикациялық дисплей. Дисплейде кір жуу циклінің аяқталуына дейін қалған уақыт, сондай-ақ қате кодтары көрсетіледі.
3 - Жоғарғы атанақты таңдау батырмасы.
4 - Жоғарғы атанақтың жұмысын іске қосу / кідірту батырмасы.
5 - Қосымша бағдарламалар мен функцияларды таңдау батырмалары.
6 - Төменгі атанақтың жұмысын іске қосу / кідірту батырмасы.
7 - Төменгі атанақты таңдау батырмасы.



1 - Индикациялық дисплей. Кір жуу кезінде дисплейде кір жуу циклінің аяқталуына дейін қалған уақыт, сондай-ақ қате кодтары көрсетіледі.
2 - «Қарқынды шаю» функциясының индикаторы.
3 - Балаларға арналған жуатын гельдің автомөлшерлеу функциясының индикаторы.
4 - Кондиционердің автомөлшерлеу функциясының индикаторы.
5 - Жууға арналған гельдің автомөлшерлеу функциясының индикаторы.
6 - «Ультракүлгін» функциясының индикаторы.
7 - Есікті бұғаттау индикаторы.
8 - «Кейінге қалдырылған бастау» функциясының индикаторы.
9 - «+Кептіру». функциясының индикаторы.
10 - Температураны таңдау индикаторы.
11 - Уақытты таңдау индикаторы.
12 - Сығу жылдамдығын таңдау индикаторы.

Жоғарғы атанақты таңдағанда басқару панелі келесідей болады:



Төменгі атанақты таңдағанда басқару панелі келесідей болады:



Бағдарламаның сипаттамасы


Детское белье

Балалар киімі: Автоматты мөлшерлеуді қолдану мүмкіндігімен балалар іш киімін жуу бағдарламасы.


Нижнее белье

Іш киім: Іш киімді және өте ұқыпты ұстауды қажет ететін матадан жасалған заттарды жууға арналған арнайы бағдарлама.



Быстрая 30 мин

Жылдам 30 мин: Күнделікті аз ластанған киімдерді 30 минут ішінде жуу бағдарламасы.


Быстрая 15 мин

Жылдам 15 мин: Күнделікті аз ластанған киімдерді суық суда 15 минут ішінде жуу бағдарламасы.



Умная стирка

Ақылды жуу: Жүктелген кірді автоматты түрде өлшейтін және су мен жуғыш заттарды тұтынуды оңтайландыратын зияткерлік бағдарлама.


Одеяла

Көрпелер: Көрпелерді, төсек жапқыштарды және көрпелерді жууға арналған бағдарлама.


Шерсть

Жүн: Жүн және талшықты матадан жасалған бұйымдарды жуу бағдарламасы. Матада тиісті таңбалаудың бар екеніне көз жеткізіңіз.


Верхняя одежда

Сырт киім: Мамық курткаларды, курткаларды және басқа сыртқы киімдерді жууға арналған арнайы бағдарлама.


Бережная стирка

Күтімді жуу: Жібек, сәтен сияқты нәзік маталардан жасалған бұйымдарды жууға арналған бағдарлама.


Постельное белье

Төсек жаймасы: Төсек жабдықтары, сүлгілер мен жұмсақ ойыншықтарды жоғары температурада жууға арналған бағдарлама.


Полоскание + отжим

Шаю + сығу: Қосымша шаю және сығу бағдарламасы. Шаю санын реттеу үшін бағдарламаны таңдағаннан кейін «Шаю» функциясын қолданып, келесіні сәйкесінше таңдау керек: 1 - 2 - 3.


Отжим

Сығу: Қосымша сығу бағдарламасы. Сығуды реттеу үшін бағдарламаны таңдағаннан кейін «Сығу жылдамдығы» функциясын қолданып, қажетті жылдамдықты реттілікпен басу арқылы таңдау керек.


Очистка барабана

Атанақты тазарту: Атанақты тазарту бағдарламасы. Тазалау алдында атанақтың бос екеніне көз жеткізіңіз. Жууға арналған гель бөліміне сұйық ағартқышты қосыңыз. Көбік пайда болмас үшін жууға арналған гель қоспаңыз.


Только сушка

Тек кептіру: Кір жуусыз кептіру бағдарламасы. Әдепкі уақыт - 2 сағат 55 минут. Кептіру уақытын теңшеу үшін бағдарламаны таңдағаннан кейін «+Кептіру» функциясын қолданып, қажетті уақытты таңдау керек: 30 минут - 60 минут - 120 минут - Auto, мұндағы Auto - кептіру уақытын өздігінен анықтайтын кірді автоматты түрде өлшеу функциясы.


Стирка + сушка 1ч

Кір жуу+құрғату 1 сағ: 1 сағат ішінде жуу және кептіру бағдарламасы. Жеңіл заттардың аздаған мөлшеріне арналған жылдам бағдарлама.


Освежение

Жаңарту: Киімді сусыз және жуғыш заттарсыз бумен тазартуға және иіссіздендіруге арналған бағдарлама.

Бағдарлама	Атанақ	Жүктеу жуу, кг		Жүктеу кептіру, кг	Температурасы, °C	Шаю саны	Сығу айн/мин
		Жоғарғы атанақ	Төменгі атанақ				
Балалар киімі	Жоғарғы	4	-	-	60 (40; 96)	3 (2; 4; 5)	800 (0; 400; 600; 1000)
Іш киім	Кез келген	2,5	5	5	30 (0; 40)	2 (1; 3; 4; 5)	800 (0; 400; 600)
Жылдам 30 мин	Кез келген	1	2	2	30 (0; 40)	2 (1; 3; 4)	800 (0; 400; 600)
Жылдам 15 мин	Кез келген	1	2	2	0 (30; 40)	1 (2; 3)	800 (0; 400; 600)
Ақылды жуу	Жоғарғы	5	-	5	30 (0; 40; 60; 96)	2 (1; 3; 4; 5)	800 (0; 400; 600; 1000)
	Төменгі	-	10	5	30 (0; 40; 60; 96)	2 (1; 3; 4; 5)	800 (0; 400; 1000; 1200; 1400)
Көрпелер	Төменгі	-	10	5	40 (0; 30; 60)	2 (1; 3; 4; 5)	800 (0; 400; 1000)
Жүн	Төменгі	-	2	-	30 (0; 40)	2 (1; 3; 4)	800 (0; 400)
Сырт киім	Төменгі	-	2	1	30 (0; 40)	2 (1; 3; 4)	800 (0; 400)
Күтімді жуу	Жоғарғы	5	-	-	30 (0; 40)	2 (1; 3; 4; 5)	800 (0; 400; 600)
Төсек жаймасы	Кез келген	1	3	3	60	2 (1; 3; 4; 5)	800 (0; 400; 600; 1000)
Шаю + сығу	Жоғарғы	5	-	7	-	1 (2; 3)	800 (0; 400; 600; 1000)
	Төменгі	-	10	7	-	1 (2; 3)	800 (0; 400; 1000; 1200; 1400)
Сығу	Жоғарғы	5	-	7	-	-	800 (0; 400; 600; 1000)
	Төменгі	-	10	7	-	-	800 (0; 400; 1000; 1200; 1400)
Атанақты тазарту	Кез келген	-	-	-	60 (96)	2	800
Тек кептіру	Төменгі	-	7	7	-	-	1200 (0; 1000; 1400)
Кір жуу + кептіру 1 сағ	Төменгі	-	1	1	30 (0; 40)	1 (2; 3)	1200 (0; 1000; 1400)
Жаңарту	Төменгі	-	1	1	-	-	-

Ескертпелер:
1. Электр қуаты өшкен кезде кір жуғыш машина пайдаланушы енгізген соңғы теңшелімдерді есте сақтайды. Электр қуатын беру қалпына келтірілгеннен кейін аспап бұрын енгізілген теңшелімдерді ескере отырып жұмысын жалғастырады.
2. 0 °C-жылусыз суық су.

Қосымша функциялар

Жуғыш заттарды автоматты мөлшерлеу.
Жуғыш зат науасына сәйкесінше 800, 500 және 400 мл көлемде кір жуғыш гельді, кондиционерді және балаларға арналған жуғыш гельді алдын ала қосуға мүмкіндік беретін функция. Бағдарламаны іске қосқаннан кейін аспап киімнің салмағына сәйкес жуғыш затты автоматты түрде мөлшерлейді.
Автоматты мөлшерлеу функциялары әдепкі бойынша қосылады. Егер тиісті батырманы бассаңыз, дисплейдегі индикатор сөнеді, «OFF» жазуы пайда болады. Қайта басқан кезде функция қайта қосылады.
Тиісті сұйықтықты «Қосу» индикаторын қосқанда, оны қажетті деңгейге дейін қосыңыз (үстемелеңіз).
Балаларға арналған жуғыш гель тек жоғарғы атанақта қолданылады.
Кондиционер әдепкі бойынша шаю үшін мөлшерленеді.
Жууға арналған гель мен кондиционер жуудың әртүрлі кезеңдерінде мөлшерленеді.

«УК».
Ультракүлгін көмегімен аллергендер мен вирустарды жою функциясы.
Атанақты тазалау режимінде және су өткізбейтін сыртқы киімді жуу кезінде жұмыс істемейді.

Кейінге қалдырылған бастау.
Бағдарламаны іске қосуды кейінге қалдыру функциясы (24 сағатқа дейін). Бағдарламаның аяқталу уақыты белгіленеді. Егер бағдарламаның ұзақтығы 1 сағаттан асса, кейінге қалдыру 2-ден 24 сағатқа дейін белгіленеді.

Есікті бұғаттау / бұғаттан алу.
Бағдарлама іске қосылғаннан кейін есік автоматты түрде бұғатталады. Дисплейде есіктің бұғаттау индикаторы жанады.
Бұғаттан алу үшін «Бастау/кідірту» батырмасын басыңыз. Атанақ айналуды тоқтатқаннан кейін бірнеше секунд күтіңіз. Егер есікті ашу шарттары сақталса, ол автоматты түрде бұғаттан ашылады. Содан кейін дисплейде есікті бұғаттау индикаторы сөнеді.
Кез келген төтенше жағдайда, есікті ашу мүмкін болмаған кезде, апатты ашу құрылғысын пайдалануға болады.

Кір үстемелеп жүктеу.
Үстемелеп жүктеу функциясы бағдарламаның аяқталуын күтпестен атанаққа заттарды қосуға мүмкіндік береді.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! **Егер атанақта су деңгейі жоғары болса немесе жуу температурасы тым жоғары болса, функцияны қолданбаңыз.**

Бағдарламаны өзгерту.
Жұмыс кезінде бір бағдарламаны екіншісіне ауыстыру функциясы.
«Бастау/кідірту» батырмасын басыңыз, содан кейін жуудың жаңа бағдарламасын таңдап, іске қосу үшін «Бастау/кідірту» батырмасын басыңыз.

Температура.
Қадаммен жуудың дұрыс температурасын таңдау функциясы:
0 °C - 30 °C - 40 °C - 60 °C - 96 °C.

Шаю.
Қадаммен жуудың жақсы әсері үшін шаю санын таңдау функциясы:
1 - 2 - 3 - 4 - 5.

Сығу жылдамдығы.
Қажетті сығу жылдамдығын қадаммен таңдау функциясы:
Жоғарғы атанақ: 0 - 400 - 600 - 800 - 1000 айн/мин
Төменгі атанақ: 0 - 400 - 800 - 1000 - 1200 - 1400 айн/мин.



+Кептіру.
Уақытты таңдай отырып жуу бағдарламасына кептіруді қосу функциясы:
30 минут - 60 минут - 120 минут - Auto, мұндағы Auto - кептіру уақытын өздігінен анықтайтын кірді автоматты түрде өлшеу функциясы.



Қарқынды шаю.
Қатты ластанған заттарды жууға арналған қосымша шаю функциясы. Қарқынды шаю функциясы тек төменгі атанақта қолданылады.

Бағдарлама мен функцияның үйлесімділік кестесі

Бағдарлама	Кептіру режимі				Функциялары						Жуу кезеңдері				
	Авто	Уақыт 120	Уақыт 60	Уақыт 30	Кейінге қалдырылған бастау	УК	Қосалқы шаю (төменгі атанақ)	Жууға арналған гель	Ауа баптағыш	Балалар киімі (жоғарғы атанақ)	Өлшеу	Кір жуу	Шаю	Сығу	Кептіру
Балалар киімі	X	X	X	X	O	O	X	O	O	O	☆	O	O	O	O
Іш киім	O	O	O	O	O	O	O	O	O	O	X	O	O	O	O
Жылдам 30 мин	O	O	O	O	O	O	O	O	O	O	X	O	O	O	O
Жылдам 15 мин	O	O	O	O	O	O	O	O	O	O	X	O	O	O	O
Ақылды жуу	O	O	O	O	O	O	O	O	O	O	☆	O	O	O	O
Көрпелер	O	O	O	O	O	O	O	O	O	X	☆	O	O	O	O
Жүн	X	X	X	X	O	O	O	O	O	X	X	O	O	O	X
Сырт киім	O	O	O	O	O	O	O	O	O	X	X	O	O	O	O
Күтімді жуу	X	X	X	X	O	O	X	O	O	O	☆	O	O	O	X
Төсек жаймасы	O	O	O	O	O	O	O	O	O	O	☆	O	O	O	O
Шаю + сығу	O	O	O	O	O	O	X	X	O	X	X	X	O	O	O
Сығу	O	O	O	O	O	O	X	X	X	X	X	X	X	O	O
Атанақты тазарту	X	X	X	X	O	O	X	O	X	O	X	O	O	O	X
Кір жуу + кептіру 1 сағ	O	O	O	☆	O	O	O	O	O	X	X	O	O	O	☆
Жаңарту	X	X	X	☆	O	O	X	X	X	X	X	X	X	X	☆

X - Қолжетімсіз.
O - Опционалды.
☆ - Әдепкі түрде.

ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖӘНЕ КҮТУ

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! **Машинаны тазарту немесе қызмет көрсетуді бастаудың алдында машинаның қуат баусымын розеткадан суыру және суды беру шүмегін жабу қажет.**

ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ!
- **Машинаны және оның құрамдас бөліктерін қолдану үшін өткір заттарды және металл қылшақтарды, сондай-ақ қажағыштары мен еріткіштері бар құралдарды қолдануға!**
- **Машинаны су ағынының астында жууға.**

Машинаның бетін қажет болса сұйылтылған қажағыш емес бейтарап тазартқыш құралдардың көмегімен тазарту керек. Су асып төгілсе оны дереу дымқыл шүберекпен сүртіңіз.

Егер пайдалану барысында судың температурасы нөлден төмендесе және машина «қатып қалса», мыналарды орындау қажет:
- машинаны электр қуатынан ажыратыңыз;
- құю құбыршегінің қосылысын босату үшін суды беру шүмегін жылы сумен жуыңыз;
- құю құбыршегін ажыратыңыз және оны жылы суға салыңыз;
- барабанға жылы су құйыңыз және кем дегенде 10 минут күтіңіз;
- құю құбыршегін жалғаңыз және суды ағызу және берудің қалыпты жұмысына көз жеткізіңіз.

Машинаны пайдалануды қалпына келтірмес бұрын, үй-жайдағы температура 0 °C-тан жоғары екеніне көз жеткізіңіз. Егер машина жиі қататын үй-жайға орнатылса, әр жуудан кейін құю және су ағызу құбыршектерінен қалған суды мұқият төгіп тастаңыз.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! **Күйіктерді болдырмау үшін бұл операцияларды тек машинадағы су суығаннан кейін жүргізу керек.**


Машинаның барабанын тазарту

Кір жуудан кейін қалған барабанның ішкі бетіндегі тот және басқа ластанулар хлор қосылыстары жоқ тазартқыш құралдармен дереу жойылуы тиіс.
Әрбір кір жуғаннан кейін есіктің әйнегін және машина барабанының тығыздауышын тазарту және құрғатып сүрту қажет. Кір жуғаннан кейін тығыздауышта қалған батпақ және бөтен заттар судың жылыстауының себебі болуы мүмкін.

Құю сүзгілерін тазарту

Құю сүзгілерін жарты жылда 1 рет келесі әдіспен тазалау ұсынылады:
- суды беру шүмегін жабыңыз;
- құю құбыршегін шүмектен ажыратыңыз;
- су ағыны астында құю құбыршегінің сүзгісін жуыңыз;
- құю құбыршегін машинадан ажыратыңыз;
- машинаның құю сүзгісін суырыңыз;
- сүзгіні су ағынының астында жуыңыз, содан кейін сүзгіні орнына орнатыңыз;
- құю құбыршегін жалғаңыз және судың жылыстамайтынына көз жеткізіңіз.




Ағызу сорғысының сүзгісін тазалау

• Ағызу сорғысының сүзгісі кір жуған кезде машинаға түсетін матаның қиындыларын және кішкентай заттарды ұстап тұрады.
• Машинаның қалыпты жұмысын қамтамасыз ету үшін мезгіл-мезгіл (3 айда 1 рет) сүзгіні тазалау ұсынылады.
• Сүзгіні тазалау ағызу немесе сығу операцияларын жүргізбеген жағдайда, сондай-ақ ағызу кезінде сүзгіге түскен бөгде заттар шығаратын бөгде шу естілсе жүргізілуі тиіс.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!


Машина сорғы арқылы жұмыс істеген кеде ыстық су келуі мүмкін. Машина жұмыс істеген кезде сорғының қақпағын ешқашан алмаңыз. Машинаның жұмыс циклінің аяқталуын күтіңіз. Сүзгіні және қақпақты орнына орнатқан кезде олардың берік және тығыз орнатылғанына көз жеткізіңіз.

1. Суды ағызып, қуатты өшіргеннен кейін, бекіткішті басып, ағызу сүзгісінің қақпағын ашыңыз.
2. Апаттық ағызу құбырынан сүзгіні суырыңыз, қалдықтарды қолайлы ыдысқа төгіңіз.
3. Сүзгіні жуыңыз.
4. Сүзгіні сағат тілімен мұқият бұрап кері орнатыңыз және қақпақты жабыңыз.



Есікті апаттық бұғаттан алу

Қажет болса, есікті шұғыл түрде ашыңыз, апатты ашу сым арқанын тартыңыз. Ашылғаннан кейін сым арқанды бастапқы күйіне қайтарыңыз.



ЫҚТИМАЛ АҚАУЛЫҚТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЖОЮ ТӘСІЛДЕРІ

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Егер аталған жағдайлардың **КЕЗ КЕЛГЕНІ** туындаса, машинаны дереу сөндіріңіз:
- Қуат кабелі зақымдалған немесе қызып кетеді;
- Жану иісі бар;
- Түтіндеу белгілері байқалады;
- Қорғаныс құрылғылар жиі іске қосылады.

ЖАРАМСЫЗДЫҚТЫ ӨЗ БЕТІҢІЗБЕН ЖОЮҒА ТЫРЫСПАҢЫЗ.
АВТОРИЗАЦИЯЛАНҒАН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ОРТАЛЫҒЫНА ДЕРЕУ ЖҮГІНІҢІЗ!

Жалпы кеңінен таралған мәселелер:

Ақаулық, оның сырттан білінуі	Ықтимал себебі	Ақаулықты анықтау және жою әдістері
Машина іске қосылмайды		Есіктің тығыздап жабылғандығын тексеріңіз. Қуат баусымы ашасының дұрыс салынғанын тексеріңіз. Су беру шүмегінің ашық па екенін тексеріңіз. «Бастау/Кідірту» батырмасы басылғанын тексеріңіз.
Машинаның есігі ашылмайды	Машинаны қорғаудың кіріктірілген жүйесі қосылған.	Машинаны электр қуатынан ажыратыңыз және қайтадан жалғаңыз.
Машина суды қыздырмайды	Температура датчигінің ақаулығы	Сервистік орталыққа жүгініңіз
Судың жылыстауы	Ағызу немесе құю құбыршегінің тығыз емес қосылуы. Ағызу құбыршегі бітелген немесе қысылған	Құбыршектердің қосылыстарын тексеріңіз. Ағызу құбыршегін тазалаңыз. Қажет болса, сервистік орталыққа жүгініңіз.
Индикаторлар немесе дисплей жұмыс істемейді	Қуат баусымы ажыратылған. Бақылау панелімен мәселелер.	Машинаның қуаты қосылғанын, қуат баусымының қосылғанын тексеріңіз. Сервистік орталыққа жүгініңіз.
Науада жуғыш құрал қалады	Кір жуатын ұнтақ қатты ылғалданған және жентектелген	Науаны тазартыңыз және құрғатып сүртіңіз. Сұйық жуғыш құралдарды немесе барабандық типті машиналарға арналған арнайы құралдарды қолданыңыз.
Кір жуудың сапасы қанағаттанғысыз	Су тым кір. Жуғыш құралдың мөлшері жеткіліксіз.	Дұрыс кір жуу режимін таңдаңыз. Дайындаушының ұсыныстарына сәйкес жуғыш құралдың дұрыс мөлшерін қосыңыз.
Машинаның жұмысы кезінде қатты шуыл, күшті діріл		Тасымалдау бұрандамалары алынып тасталғанын тексеріңіз. Машинаның тегін және қатты еденге орнатылғанын тексеріңіз. Машинаның көлденең орнатылғанын тексеріңіз. Машинаның ішінде бөтен заттар жоқ екендігін тексеріңіз.

Басқа ақаулықтар туындаған жағдайда машинаны электр қуатынан ажыратыңыз және қайтадан қосыңыз. Егер мәселе жойылмаса, авторластырылған сервис орталығына хабарласыңыз.

Кейбір ақаулар төмендегі кестеге сәйкес машинаның дисплейіндегі қате кодтары көмегімен көрсетіледі.

Қате коды	Көрінуі	Ықтимал себебі	Ақаулықты анықтау және жою әдістері
IE¯	Жоғарғы / төменгі атанақтағы су құю мәселесі	Су берілмейді. Жеткіліксіз су қысымы. Құю құбыршегі қысылған немесе қатып қалды. Құю сүзгісі бітелген.	Су беру шүмегін ашыңыз. Жылы сумен құю құбыршегін жібітіңіз. Құю құбыршегінің қысылуын жойыңыз. Машинаның құю құбыршегі мен құю клапанының сүзгілерін тазартыңыз.
IE_			
OE¯	Жоғарғы / төменгі барабандағы суды ағызу мәселесі	Ағызу құбыршегі тым жоғары орналасқан. Ағызу құбыршегі қысылған немесе қатып қалды. Кәрізге ағызу ластанған.	Ағызу құбыршегі еденнің деңгейінен 1 м жоғары орналаспағанына көз жеткізіңіз. Жылы сумен ағызу құбыршегін жібітіңіз. Ағызу құбыршегінің қысылуын жойыңыз. Ағызу құбыршегін тазалаңыз. Кәрізге ағызуды тазалаңыз.
OE_			
dE¯		Жоғарғы / төменгі атанақ есігі жабық емес	Машинаның есігін тығыз жабыңыз. Заттар есіктің ойығында тұрып қалмағанын тексеріңіз.
dE_			
UE¯	Жұмыс процесіндегі қатты діріл, шуыл	Тасымалдау бұрандамалары алынбаған. Машина көлденең орнатылмаған. Заттардың жеткіліксіз немесе тым көп саны жүктелді.	Тасымалдау бұрандамаларын алып тастаңыз. Машинаны көлденең қалыпта орнатыңыз. Заттардың бір бөлігін машинаға қосыңыз немесе алып тастаңыз.
UE_			
dHE	Кептіру жоқ	Су келіп түспейді	Машинаны электр қуатының көзінен ажыратып, сервис орталығына хабарласыңыз

Басқа ақаулықтар туындаған жағдайда машинаны электр қуатынан ажыратыңыз және қайтадан қосыңыз. Егер мәселе жойылмаса, авторластырылған сервис орталығына хабарласыңыз.

ТАСЫМАЛДАУ ЖӘНЕ САҚТАУ

• Машинаны тік қалыпта берік бекітіп, жабық көліктің барлық түрлерімен тасымалдауға жол беріледі.
• Тасымалдаумен байланысты жұмыстар басталар бұрын машинаны электр желісінен ажырату қажет.
• Машинаны тасымалдау алдында машинаны тасымалдау кезінде сақтайтын бұғаттау бұрандамалары мен керек-жарақтарды орнату қажет.
• Тасымалдау және жылжыту кезінде машинаның есігі тығыз жабылуы тиіс.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

• Машинаны тек тік күйінде тасымалдауға рұқсат беріледі!
• Машинаны орнатылған тасымалдау бұрандамалары болмаса тасымалдауға болмайды! Тасымалдау бұрандамаларын тек білікті қызметкерлер орнатуы тиіс!

• Қапталған машинаны салыстырмалы ылғалдылық 80%-дан жоғары болмайтын, табиғи желдетуі бар жабық үй-жайларда сақтау қажет.
• Егер машина ұзақ уақыт бойы қолданылмаса немесе жылытылмайтын үй-жайда сақталса, машинадағы суды толықтай ағызу қажет («Ағызу сорғысының сүзгісін тазарту» тармағын қараңыз, суды ағызған кезде машинаны алға еңкейту қажет).

КӘДЕГЕ ЖАРАТУ

• Белгіленген қызмет ету мерзімі аяқталған соң дайындаушы машинаны қауіпсіз пайдалану үшін жауапты болмайды.
• Машина жергілікті басқару органдары белгілеген электрлік және электрондық жабдықты кәдеге жарату ережелеріне сәйкес кәдеге жаратылуы тиіс. Машинаны кәдеге жаратудың алдында электр қуат баусымын кесу арқылы оны жарамсыз күйге келтіру керек.
• Қаптау материалдары жергілікті ережелерге сәйкес қайта өңделуі және қайтадан қолданылуы тиіс.

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

Сипаттамалары / Үлгінің белгіленуі	Бирюса WMD-SG1514/15
Кір жуудың атаулы сыйымдылығы (жоғарғы атанақ), кг	5,0
Кір жуудың атаулы сыйымдылығы (төменгі атанақ), кг	10,0
Құрғатудың атаулы сыйымдылығы, кг	7,0
Атаулы кернеу, токтың жиілігі, В, Гц	220-240 ~, 50
Тоқтың номиналды күші, А	10
Атаулы кір жуудың тұтынатын қуаты, Вт	1650
Атаулы құрғатудың тұтынатын қуаты, Вт	1500
Судың жұмыс қысымы, МПа	0,03 - 1,0
Барабанның ең жоғары айналу жылдамдығы, айн/мин	1400
Энергия тиімділігінің класы	A+++
Габариттік өлшемдері, мм:	
ені	600
тереңдігі	605
биіктігі	1400
Таза салмағы, кг, артық емес	133
Кір жуу режимінде шуыл деңгейі, дБА	52
Сығу режимінде шуыл деңгейі, дБА	68
Құрғату режимінде шуыл деңгейі, дБА	68
Қозғалтқышының типі	Тура жетек

Ескертпелер:
1) Энергия тұтынуды тестілеу режимі: Мақта. Барабанның айналу жылдамдығы - ең жоғары. Қалған теңшелімдер - әдепкі түрде.
Жартылай жүктеу: 2,5 / 5,0 кг атаулы сыйымдылық кезінде 5,0 /10,0 кг.
2) Электр энергиясын және суды нақты тұтыну машинаның жұмыс режимдеріне және пайдалану шарттарына байланысты.

«КЗХ «Бирюса» ААҚ тапсырысы бойынша өндірілді
Ресей, 660123, Красноярск қ., «Красноярский рабочий» газеті ат. даңғ., 29, **www.biryusa.r**
Өндірілген: SKYWORTH ELECTRIC CO., LTD.
No. 96 New Energy Avenue, Lishui Economic Development Zone, Lishui District, Nanjing City, Jiangsu Province, China

ЖАЗБАЛАР ҮШІН

Кепілдік картасы

Құрметті сатып алушы!
Сізге «Бирюса» сауда маркасының бұйымын таңдағаныңыз үшін алғысымызды білдіреміз!

Кепілдік шарттары:

Дайындаушы зауыттың кепілдік міндеттемелері Ресей Федерациясының қолданыстағы заңнамасы негізінде әзірленген.

Аспаптарға кепілдік мерзімі екі жыл.

Кепілдік мерзімі ішінде аспаптың ақаулығы анықталса, дайындаушы (сатушы) «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» РФ Заңымен көзделген тұтынушының талаптарын қанағаттандыруға міндетті.

Түсініспеушілікті болдырмау үшін, Сізден бұйымдарды пайдалану және сақтау ережелері мен шарттарын, кепілдік міндеттемелерінің шарттарын мұқият зерделеуіңізді, сондай-ақ кепілдік картасын толтыру дұрыстығын тексеруіңізді сұраймыз.

Кепілдік картасы дұрыс және нақты көрсетілген жағдайда ғана жарамды: үлгісі, бұйымның сериялық нөмірі, дайындау және сату күні, сатушы-фирманың нақты мөрлері, сатып алушының қолы. Бұйымның сериялық нөмірі мен үлгісі кепілдік картасында көрсетілгендерге сәйкес келуі тиіс.

Кепілдікті қызмет көрсету мерзімі аспапты сатқан күннен бастап есептеледі. Егер сату күнін белгілеу мүмкін болмаса, «Тұтынушылар құқығын қорғау туралы» РФ заңына сәйкес кепілдік мерзімі бұйым шығарылған күннен бастап есептеледі. Кепілдікті жөндеу кезінде бұйымды сатып алу күнін растау үшін немесе «Тұтынушылар құқығын қорғау туралы» РФ Заңымен көзделген басқа талаптарды қойған кезде, Сізден ілеспе құжаттарды (чек, квитанция, дұрыс және анық толтырылған кепілдік картасы, сатып алу күні мен орнын растайтын басқа құжаттар) сақтауыңызды өтініп сұраймыз. Бұйымның сапасы бойынша кез келген наразылықтар «Бирюса» авторизацияланған сервис орталығының өкілі бұйым сапасын алдын ала тексергеннен кейін ғана қарастырылады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Аспапты сатып алған кезде сатушымен бірге пайдалану жөніндегі нұсқаулықта көрсетілген жұмысқа қабілеттілігін, жиынтықтылығын, механикалық зақымдардың жоқтығын тексеріңіз.

Аспапты жөндеу пайдалану орнында немесе кепілдікті шеберханада жүргізіледі. Аспапты жөндеу үшін кепілдікті шеберханаға жеткізу, ауыстыру және оны тұтынушыға қайтару жасалған шарттың негізінде сатушының (дайындаушының) немесе сатушының (дайындаушының) функцияларын орындайтын ұйымның күшімен және есебінен жүргізіледі.

Кепілді жөндеуге арналған №1, №2, №3 және №4 талондарды механик кепілді мерзім кезеңінде тораптар мен бөлшектерді ауыстыра отырып жөндеуді орындағаннан кейін, сондай-ақ кепілді мерзім кезеңінде тораптар мен бөлшектерді алмастырмай аспапты реттеу және техникалық қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды жүргізу кезінде алып қояды.

Кепілдікті шеберханадағы механик талондарды алып қойған кезде талон түбіртегіндегі деректерді жазып алуды талап етіңіз.

КЕПІЛДІКТІ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ КЕЛЕСІ ЖАҒДАЙЛАРДА КӨРСЕТІЛМЕЙДІ:

тұтынушының пайдаланушы нұсқаулығында көзделген тасымалдау, сақтау, орнату, күтім жасау ережелерін, қауіпсіздік және пайдалану талаптарын сақтамауы;

дайындаушы кәсіпорын кепілдікті қызмет көрсетуге уәкілеттілік бермеген тұлғалардың жөндеу жүргізуі; экстремалды шарттармен немесе еңсерілмейтін күштің (өрт, дүлей апат және т.б.) әрекеттерімен туындаған ақаулықтар;

тұрмыстық жәндіктер мен кеміргіштердің, басқа бөтен факторлардың әсерімен, сондай-ақ пайдалану нұсқаулығында келісілген техникалық талаптарды айтарлықтай бұзу салдарынан зақымдалу немесе қалыпты жұмыстың бұзылуы, соның ішінде МЕМСТ 13109-97 белгіленген электр желісі параметрлерінің тұрақсыздығы.

Авторизацияланған сервис орталықтарының телефондары мен мекенжайлары туралы ақпаратты **www.biryusa.ru** сайтымызда немесе QR-кодты сканерлеп таба аласыз.

Моделі **Сериялық нөмірі** **Дайындалған күні**

Сатушы ұйымның атауы Сатылған күні М.О.

Кепілдік жағдайларының шарттарымен таныстым, жиынтықталымға және сыртқы түріне шағымдарым жоқ

Сатып алушының Т.А.Ә, қолы

Талонның түбіртегін міндетті түрде толтыру және тұтынушыда қалдыру қажет

Кепілдікті жөндеуге № 4 талонның түбіртегі

Алынды _____ алу күні

Орындаушы _____ тегі

Орындалған жұмыстар _____

Кепілдікті жөндеуге № 3 талонның түбіртегі

Алынды _____ алу күні

Орындаушы _____ тегі

Орындалған жұмыстар _____

Кепілдікті жөндеуге № 2 талонның түбіртегі

Алынды _____ алу күні

Орындаушы _____ тегі


Орындалған жұмыстар _____

Кепілдікті жөндеуге № 1 талонның түбіртегі

Алынды _____ алу күні

Орындаушы _____ тегі

Орындалған жұмыстар _____



ҚАЗАҚША

Жөндеудің сипаттауы_____

_____

_____

_____

_____

Шебердің қолы_____

Клиенттің қолы_____

Жөндеудің сипаттауы_____

_____

_____

_____

_____

Шебердің қолы_____

Клиенттің қолы_____

Жөндеудің сипаттауы_____

_____

_____

_____

_____

Шебердің қолы_____

Клиенттің қолы_____

Жөндеудің сипаттауы_____

_____

_____

_____

_____

Шебердің қолы_____

Клиенттің қолы_____